# Пайдаланушы нұсқаулығы

© Copyright 2014 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

Microsoft және Windows – Microsoft компаниялар тобының АҚШ-та тіркелген сауда белгілері.

Осы құжатта берілген ақпарат ескертусіз өзгертіледі. HP өнімдері мен қызметтеріне кепілдік тек осындай өнімдермен және қызметтермен бірге келетін тікелей кепілдік мәлімдемелерінде беріледі. Осы құжаттағы ешқандай мәліметтер қосымша кепілдік деп түсінілмеуі тиіс. HP компаниясы осы құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателерге, не болмаса қалып кеткен мәліметтер үшін жауапты емес.

Бірінші шығарылым: қараша, 2014 ж.

Құжат бөлігінің нөмірі 800889-DF1

**Өнім ескертуі**

Бұл нұсқаулықта көптеген модельдерге ортақ мүмкіндіктері сипатталған. Кейбір мүмкіндіктер компьютеріңізде болмауы мүмкін.

Функциялары барлық Windows нұсқаларынана табылмайды. Windows функцияларын толығымен қолдану үшін бұл компьютер жаңартылған/немесе бөлек сатып алынатын құрылғылар, қатты дискілер және/немесе бағдарламалар қажет етуі мүмкін. Қосымша ақпаратты келесі веб-сайттан қараңыз: http://www.microsoft.com.

Ең соңғы пайдаланушы нұсқаулығын ашу үшін, http://www.hp.com/support бөліміне өтіп, еліңізді таңдаңыз. **Драйверы и материалы для загрузки** (Драйверлер мен жүктеулер) тармағын басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

**Бағдарламалық құрал шарттары**

Осы компьютерге алдын ала орнатылған кез келген бағдарламалық жасақтама өнімін орнату, көшіру, жүктеу немесе басқаша пайдалану арқылы сіз HP соңғы пайдаланушы лицензиялық келісімінің (EULA) шарттарымен келісесіз. Егер осы лицензиялық шарттарды қабылдамасаңыз, сатып алған орынның өнімді қайтару саясатына сай өнімді (құрылғыны және бағдарламаны) 14 күн ішінде қайтарып беріңіз.

Толығырақ ақпарат алу үшін немесе бағасын толығымен қайтару туралы өтініш жасау үшін, сатушымен хабарласыңыз.

# Мазмұны

**1 Ақпарат алу .................................................. 1**

**2 Компьютерді орнату .................................................. 3**

Интернетке жалғау (таңдаулы үлгілерде) .................................................. 4

**3 Экранды шарлау .................................................. 6**

Түрту қимылдарын пайдалану .................................................. 6

Пернетақтаны және тінтуірді пайдалану .................................................. 6

**4 Компьютерді қорғау .................................................. 9**

Компьютердің қауіпсіздік функциялары .................................................. 9

**5 Ақауларды жою .................................................. 10**

Компьютер қосылмайды .................................................. 10

Қуат .................................................. 11

Дисплей (монитор) (таңдаулы үлгілерде ғана) .................................................. 11

Пернетақта мен тінтуір (кабельді) .................................................. 12

Пернетақта мен тінтуір (сымсыз) .................................................. 12

Үндеткіштер мен дыбыс .................................................. 14

Интернетке қосылу .................................................. 14

Бағдарлама ақаулықтарын жөндеу .................................................. 16

**6 Жүйені қалпына келтіру .................................................. 18**

Жүйені қалпына келтіру әдісін таңдау .................................................. 18

Жүйені қалпына келтіру мүмкіндіктері .................................................. 18

Қалпына келтіру ақпарат тасушылары .................................................. 20

**7 Техникалық қызмет көрсету .................................................. 23**

Орындау уақыты мен тапсырмалар .................................................. 23

Компьютерді тазалау .................................................. 24

**8 HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) (HP ДК құралын диагностикалау) қызметін пайдалану .................................................. 26**

USB құрылғысына HP PC Hardware Diagnostics (HP ДК құралын диагностикалау) мүмкіндігін жүктеу ... 26

**9 Техникалық сипаттамасы ..... 28**

Техникалық сипаттамалары ..... 28

**10 Қолдау көрсету ақпараты ..... 29**

Көмек алу жолы ..... 29

Көмек алатын жер ..... 29

Тұтынушыға жөндеуге қатысты қолдау көрсету ..... 30

Құрылғыны жаңарту алдында ..... 30

**Индекс ..... 31**

# 1 Ақпарат алу

| Тапсырмалар | Нұсқаулар |
|---|---|
| • Компьютерді орнату | *Орнату нұсқаулары* немесе *Жылдам орнату* парақшасы<br><br>– немесе –<br><br>Компьютерді орнату (3-бет) бөлімін қараңыз. |
| • Интернетке қосу | Интернетке жалғау (таңдаулы үлгілерде) (4-бет) бөлімін қараңыз. |
| • Зауыттық параметрлерін қалпына келтіру | Жүйені қалпына келтіру (18-бет) бөлімін қараңыз. |
| • Компьютер функцияларын қолдану туралы бейне-нұсқауларды көріңіз | http://www.hp.com/supportvideos бөлімін қараңыз (ағылшын тілінде ғана). |
| • Windows® амалдық жүйесін қолдану<br><br>• Windows кілтсөзі туралы ақпарат<br><br>• Қатты диск жаңартуларының сілтемелері<br><br>• Жиі қойылатын сұрақтарды оқу | Анықтама және қолдау:<br><br>Бастау экранына `c` әрпін жазыңыз, одан кейін **Справка и поддержка** (анықтама және қолдау) тармағын таңдаңыз. АҚШ-та көмек алу үшін мына сайтты қараңыз: http://www.hp.com/go/contactHP. Әлем бойынша көмек алу үшін, мына сайтты қараңыз: http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html. |
| • Жиі орын алатын компьютер құрылығысы және бағдарламалар ақаулықтарын жөндеу | Ақауларды жою (10-бет) бөлімін қараңыз. |
| • Компьютер үлгісіне арналған пайдаланушы нұсқаулықтарының және техникалық сипаттамаларының электрондық нұсқалары<br><br>• Жабдықтарға тапсырыс беру және ақаулықтарды жөндеуге қатысты қосымша анықтама | http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html веб-торабына өтіңіз. |
| • Компьютердің бөліктерін жаңарту немесе алмастыру | http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html веб-торабына өтіңіз. |
| • Компьютер кепілі туралы ақпарат | *HP әлемдік шектеулі кепілдігі және техникалық қолдау көрсету* нұсқаулығы:<br><br>Бастау экранында `справка` (анықтама) сөзін жазыңыз, одан кейін **HP справка и помощь** (HP анықтама және қолдау) бөлімін таңдаңыз. **Компьютер** тармағын таңдап, **Гарантия и сервисы** (Кепілдік және қызметтер) опциясын таңдаңыз. |
| • Windows қауымдастығынан жаңартылған ақпарат және анықтама алу | http://www.hp.com/support/consumer-forum веб-торабына өтіңіз. |
| • ТД-ға жалғау (таңдаулы үлгілерде) | http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html веб-торабына өтіңіз. |
| • Компьютерді күту | Бастау экранында `справка` (анықтама) сөзін жазыңыз, одан кейін **HP справка и помощь** (HP анықтама және қолдау) бөлімін таңдаңыз. Немесе, Windows жұмыс үстелінен тапсырмалар тақтасының оң жақ түбінде орналасқан хабарландыру аймағындағы сұрақ белгісі таңбасын басыңыз. HP қолдау көмекшісі компьютер жұмысына қатысты ақаулықтарды автоматты жаңартулар, диагностикалық құралдар және нұсқаулар беру арқылы жылдам жөндейді.<br><br>– немесе – |

| Тапсырмалар | Нұсқаулар |
|---|---|
| | Техникалық қызмет көрсету (23-бет) бөлімін қараңыз. |
| ● Қауіпсіздік және ережелер туралы ақпарат табу | *Ережелер, қауіпсіздік және қоршаған орта туралы ақпарат*:<br><br>Бастау экранында `справка` (анықтама) сөзін жазыңыз, одан кейін **HP справка и помощь** (HP анықтама және қолдау) бөлімін таңдаңыз. Немесе, Windows жұмыс үстелінен тапсырмалар тақтасының оң жақ түбінде орналасқан хабарландыру аймағындағы сұрақ белгісі таңбасын басыңыз. **Компьютер** тармағын таңдап, **Пайдаланушы нұсқаулықтары** тармағын таңдаңыз.<br><br>– немесе –<br><br>http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html веб-торабына өтіңіз. |
| ● Эргономикалық ақпарат алу | *Қауіпсіздік & оңтайлы қолданыс нұсқаулығы*:<br><br>Бастау экранында `справка` (анықтама) сөзін жазыңыз, одан кейін **HP справка и помощь** (HP анықтама және қолдау) бөлімін таңдаңыз. Немесе, Windows жұмыс үстелінен тапсырмалар тақтасының оң жақ түбінде орналасқан хабарландыру аймағындағы сұрақ белгісі таңбасын басыңыз. **Компьютер** тармағын таңдап, **Пайдаланушы нұсқаулықтары** тармағын таңдаңыз.<br><br>– немесе –<br><br>http://www.hp.com/ergo веб-торабына өтіңіз. |

# 2 Компьютерді орнату

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Электр тогының соғуы немесе жабдықтың зақымдалу қаупін азайту үшін:

- Компьютерді су, шаң, ылғал және күйе тимейтін жерге қойыңыз. Аталған қоршаған орта факторлары компьютердің ішкі температурасын көтеріп, өрт шығу немесе ток соғу қаупін тудыруы мүмкін.
- Жерге тұйықтап тұрған ашасын ажыратпаңыз. Жерге тұйықтау ашасы – өте маңызды қауіпсіздік бөлшегі.
- Қуат сымын кез-келген уақытта оңай қол жететін жердегі айнымалы ток розеткасына қосыңыз.
- Жабдықтың қуатын қуат сымының ашасын айнымалы токтан суыру арқылы өшіріңіз. Лазер сәулесінің тікелей түсуін болдырмау үшін CD немесе DVD дискілерінің сыртын ашуға тырыспаңыз.
- Қуат жабдықтау жүйесі компьютер сатылатын елдің немесе аймақтың талаптарына сай жасалған. Егер бақса жерде қолдансаңыз, компьютердің айнымалы токқа қоспас бұрын вольттыққа қатысты жерілікті талаптарды тексеріп алыңыз.

Ауыр жарақат алу қаупін азайту үшін *Қауіпсіз және оңтайлы қолданыс нұсқаулығын* оқып шығыңыз. Бұл нұсқаулықты келесі веб-сайттан карауға болады. http://www.hp.com/ergo.

1. Компьютерді желдеткіштері жабылып қалмайтындай, кабельдері жүріске кедергі жасамайтындай немесе үстіне ауыр жиһаз қойылып, бүлініп қалмайтындай етіп орналастырыңыз.
2. Монитор, компьютер және басқа жабдықтардың қуат сымдарын үзіліссіз қуат жабдықтайтын құралға (UPS) жалғағанда, қуат толқынын анықтап, одан қорғайтын құрал қолдануға кеңес береміз. Егер компьютерде ТД реттегіш, модем немесе телефонға жалғағыш болса, компьютерді сигналдық белгісі бар қуат толқынын анықтағыш арқылы қорғаңыз. Теледидар кабелі немесе телефон сымын қуат толқынынан қорғайтын құралға жалғаңыз, одан кейін құралды компьютерге жалғаңыз.
3. Амалдық жүйе жаңартуларын жүктеу және орнату.

   **а.** Компьютер қолданып тұрған амалдық жүйе мен оның нұсқаларын анықтау.

   Бастау экранына `панель управления` деп жазып, **Панель управления** (Басқару тақтасы) опциясын таңдаңыз. Немесе, Windows жұмыс үстелінен Бастау түймесінің оң жағын басып, **Панель управления** (Басқару тақтасы) тармағын таңдаңыз. **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік), одан кейін **Система** (Жүйе) тармақтарын таңдаңыз.

   **ә.** Интернет шолғышты ашып, http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html веб-сайтына барыңыз.

   **б.** Қажет болса, еліңіз бен тіліңізді басып, **Поддержка** (Қолдау) түймесін, сосын **Загрузка драйверов** (Драйверлерді жүктеу) түймесін басыңыз.

   **в.** Компьютер үлгісінің атауы мен нөмірін **Find by product field** (Өнім өрісі бойынша табу) өрісіне енгізіп, **Go** (Өту) түймесін басыңыз.

   **г.** Қажет болса, компьютер үлгісін **өнімді іздеу нәтижелері** терезесінен қараңыз.

   **ғ.** Компьютердің амалдық жүйесін таңдаңыз.

**д.** Жүктегіңіз келетін әр жаңартудың жанындағы **жүктеу** пәрменін басыңыз.

**е.** Әр жүктелген жаңартуды орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

4. Қосымша ақпарат немесе жаңартулардың басылған нұсқасын компьютердің қорабынан қараңыз.

Компьютер орнатудың бастапқы қадамдарын аяқтаған соң, қосымша апараттық құрылғылар немесе бағдарламалар орнату қажет болуы мүмкін. Компьютеріңіз үшін жабдықтарды сатып алғанда амалдық жүйе, жад және басқа талаптарды тексеріп алыңыз. Жаңа бағдарламаны орнату үшін өндірушінің нұсқауларын орындаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ:** Лицензиясы бар түпнұсқа бағдарламаны ғана қолданыңыз. Бағдарламаның көшірмесін орнату нәтижесінде компьютерге вирус жұқтыруыңыз мүмкін немесе ондай қолданыс заңсыз болуы мүмкін.

**ЕСКЕРТПЕ:** Қауіпсіздік жүйесі ондай мәселені анықтау үшін орнатылғанымен ұрлық, қате қолданыс немесе бағдарламаға шабуыл мүмкіндігіне төтеп бере алмауы мүмкін.

# Интернетке жалғау (таңдаулы үлгілерде)

Сымсыз желіге қосылу:

**ЕСКЕРТПЕ:** Сымсыз жергілікті аймақтық желі (WLAN) орнатып, интернетке қосылу үшін, кеңжолақты модем (DSL немесе кабель) (бөлек сатылады), жоғары жылдамдықты интернет провайдері мен сымсыз роутер (бөлек сатылады) қажет.

1. Шебер түймелерді көрсету үшін меңзерді бастау экранынан немесе Windows жұмыс үстелінен экранның жоғарғы оң жақ немесе төменгі сол жақ бұрышына бағыттаңыз.

2. **Настройки** (Параметрлер) тармағын таңдаңыз да, желі күйінің таңбасын басыңыз.

3. Тізімнен WLAN жүйесін таңдаңыз.

4. **Қосу** пәрменін басыңыз.

   Егер WLAN қауіпсіздігі қосылған болса, қауіпсіздік кодын енгізу қажет болады. Кодты теріп, байланысты аяқтау үшін **Кіру** түймесін басыңыз.

   **ЕСКЕРТПЕ:** Егер тізімде WLAN-дар болмаса, сіз сымсыз рутер немесе жетімділік нүктесінің аумағынан тыс болуыңыз мүмкін.

   **ЕСКЕРТПЕ:** Өзіңіз қосылғыңыз келген WLAN көрінбесе, жұмыс үстелінен желі күйінің таңбасын басыңыз да, **желі және бөлісу орталығын ашу** пәрменін басыңыз. **Жаңа байланыс немесе жаңа желі орнату** пәрменін таңдаңыз. Желіні қолмен іздеу және оған қосылу немесе жаңа желі байланысын орнатуға мүмкіндік беретін опциялар тізімі ашылады.

5. Байланысты аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Байланыс орнатылған соң, байланыстың атауы мен күйін растау үшін, меңзерді хабарландыру аймағындағы тапсырмалар бағанасының оң жақ түбіндегі желі күйінің таңбасына қарай бағыттаңыз.

Сымсыз технология туралы қосымша мәлімет алу үшін, анықтама және қолдау бөліміндегі ақпаратты қараңыз немесе Анықтама және Қоллдау нұсқаулығындағы вебсайт сілтемелерін қараңыз. Бастау экранына с әрпін жазыңыз, одан кейін **Справка и поддержка** (анықтама және қолдау) тармағын таңдаңыз.

Сымды желіге қосылу үшін:

1. 8-істікті, RJ-45 (желі) кабелін компьютердің желі ұясына жалғаңыз.

2. Желі кабелінің екінші ұшын қабырғадағы желі ұясына немесе роутерге жалғаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ:** Егер желі кабелінің ТД мен радио кедергілерінен келетін шуды басатын құрылғысы болса, кабельдің құрылғы орнатылған ұшын мониторға бағыттаңыз.

Егер интернетке қосылу орындалмаса, Интернетке қосылу (14-бет) тарауын қараңыз.

# 3 Экранды шарлау

Компьютер экранын мына әдістермен шарлауға болады:

- Түрту қимылдарын пайдалану (кейбір үлгілерде ғана)
- Пернетақта мен тінтуірді қолдану

Кейбір компьютер үлгілерінің пернетақталарында күнделікті тапсырмаларды орындауға арналған арнайы әрекет пернелері немесе пернелер үйлесімімен орындалатын функциялар бар.

## Түрту қимылдарын пайдалану

Сенсорлық қимылдарды параметрлерін өзгерту, түйме конфигурациялары, жылдамдығын басу және меңзер таңдауларын өзгерту арқылы реттеуге болады.

Бастау экранына `панель управления` деп жазып, **Панель управления** (Басқару тақтасы) опциясын таңдаңыз. Немесе, Windows жұмыс үстелінен Бастау түймесінің оң жағын басып, **Панель управления** (Басқару тақтасы) тармағын таңдаңыз. **Құрал және дыбыс** тармағын таңдаңыз. **Құралдар мен принтерлер** тармағынан, **тінтуір** пәрменін таңдаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ:** Түрту қимылдарына барлық бағдарламаларда қолдау көрсетіле бермейді.

## Пернетақтаны және тінтуірді пайдалану

Пернетақта және тінтуір теруге, элементтерді таңдауға, айналдыруға және сенсорлы экрандағы қимылдар сияқты бірдей функцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, пернетақта арнайы функцияларды орындау мақсатымен әрекет пернелері мен жылдам пернелерді пайдалануға мүмкіндік береді.

**КЕҢЕС:** Пернетақтадағы Windows пернесі ашылған бағдарламалардан немесе Windows жұмыс үстелінен бастау экранына жылдам оралу мүмкіндігін береді. Windows пернесін қайта бассаңыз, алдыңғы экранға ораласыз.

**ЕСКЕРТПЕ:** Елге немесе аймаққа байланысты, пернелер мен пернетақта функциялары осы бөлімде талқыланғаннан өзгеше болуы мүмкін.

### Әрекет пернелері мен пернелер үйлесімін пайдалану

Кейбір пернелер мен пернелер тіркесімін пайдалану арқылы ақпаратты тез ашуға немесе функцияларды орындауға болады.

- Әрекет пернелері тағайындалған функцияны орындайды. Пернетақтаның жоғарғы жағындағы функция пернелеріндегі белгішелер тағайындалған функцияны сол пернелерді суреттейді.

  Әрекет пернесінің функциясын қолдану үшін, пернені басып ұстап тұрыңыз.

- Пернелер үйлесімі – fn пернесі мен esc пернесінің, бос орын пернесінің немесе тиісті әрекет пернесінің тіркесімі.

  Пернелер үйлесімін пайдалану үшін, fn пернесін басып қалыңыз, сосын тіркесімнің екінші пернесін басыңыз.

Компьютер үлгісіне қарай пернетақтаңыз төмендегі пернелерді қолдауы мүмкін.

| Белгіше | Сипаттама |
|---|---|
| | Ашық бағдарламаларды тізімде көрсетеді. |
| | Ашық бағдарламаларды бекітеді. |
| | Ашық бағдарламалар арасында ауысады. |
| | Ашық бағдарламадағы қол жетімді пәрмендерді көрсетеді. |
| | Жұмыс үстелін көрсетеді немесе жасырады. |
| | Іздеу шебер түймесін ашады. |
| | Бөлісу шебер түймесін ашады. |
| | Құралдар шебер түймесін ашады. |
| | Параметрлер шебер түймесін ашады. |
| | Аудио CD келесі жолын немесе DVD не BD дискілерінің алдыңғы бөлігін ойнатады. |
| | CD, DVD немесе BD медиаларын бастайды, кідіртеді немесе қайта ойнатады. |
| | Аудио CD, DVD немесе BD дискілерінің келесі жолын ойнатады. |
| | Аудио CD, DVD немесе BD дыбысын немесе бейнесін ойнатуды аяқтайды. |
| | Басып шығару параметрлері терезесін ашады. |
| | Аралық сақтағыштағы мазмұнды қояды. |
| | Ақпаратыңызды жүйе жадына сақтайтын ұйқы күйін қосады. Дисплей және жүйенің басқа бөліктері өшеді, ал қуат қосулы қалады.<br>Ұйқы режимінен шығу үшін қуат түймесін басыңыз. |

| Белгіше | Сипаттама |
| --- | --- |
| | **ЕСКЕРТУ:** Ақпаратты жоғалту қаупін азайту үшін, ұйқылық күйді қоспас бұрын жұмысты сақтаңыз. |
| | Спикер дауысын үнсіздендіреді немесе қайта қосады. |
| | Пернені басып тұрсаңыз, спикер дауысын біртіндеп азайтады. |
| | Пернені басып тұрсаңыз, спикер дауысын біртіндеп қатайтады. |
| | Таңдалған нысан мүмкіндіктерін көрсетеді. |

## Windows пернелер тіркесімін пайдалану

Windows жүйесінде әрекеттерді жылдам орындауға арналған пернелер тіркесімдері бар. Белгілі бір әрекетті орындау үшін Windows пернесін ғана басыңыз немесе оны арнаулы пернемен бірге басыңыз.

# 4 Компьютерді қорғау

Компьютерде жүйе мен оның деректерінің тұтастығын рұқсатсыз кіруден қорғайтын функциялар бар. Дұрыс пайдалану үшін осы мүмкіндіктерді қарап шығыңыз.

## Компьютердің қауіпсіздік функциялары

| **Компьютердегі қауіп** | **Компьютер мүмкіндігі** |
|---|---|
| Компьютерді немесе пайдаланушы тіркелгісін рұқсатсыз пайдалану | Пайдаланушы құпиясөзі<br><br>*Кілтсөз* өзіңіз таңдаған таңбалардан тұратын таңбалар тобы. Компьютеріңіз туралы ақпаратқа қол жеткізу үшін осы таңбаларды енгізу қажет болады. |
| Орнату утилитасына, BIOS параметрлеріне және басқа жүйе идентификаторы туралы ақпаратқа рұқсатсыз кіру | Әкімші құпиясөзі |
| Компьютер вирустары | Антивирустік бағдарлама<br><br>Компьютерге алдын ала орнатылатын тегін берілетін антивирустік бағдарламаның сынап көру нұсқасы көптеген вирустарды анықтап, оларды жояды және көп жағдайларда, вирустардан шыққан зақымдарды жөндейді. Сынап көру кезінде жаңа вирустардан қорғану үшін кеңейтілген қызметін сатып алыңыз. |
| Компьютердегі деректер мен ағымдағы қауіптерге рұқсатсыз кіру | Желіаралық қорғау жүйесінің бағдарламалық құралы<br><br>● Windows операциялық жүйесінде компьютерге алдын ала орнатылған желіаралық қорғау жүйесінің бағдарламалық құралы бар.<br><br>● Компьютерге алдын ала орнатылған антивирустік бағдарлама желіаралық қорғау жүйесінің бағдарламалық құралын қамтиды.<br><br>Windows жүйесінің маңызды қауіпсіздік жаңартулары<br><br>Windows амалдық жүйесінің жаңартулары |

# 5 Ақауларды жою

Егер сізде монитор немесе принтер сияқты кез келген перифериялық жабдықтарды компьютермен қолдану проблемалары болса, ақаулықтарды жою туралы егжей-тегжейлі мәліметтерді өнім жасаушысы берген құжаттамадан көріңіз. Келесі кестелер орнату, іске қосу немесе компьютерді пайдалану кезінде орын алатын ақауларды және олардың шешімдерін көрсетеді.

Ол туралы толығырақ ақпарат немесе ақаулықтарды жөндеу туралы қосымша кеңестерді көру үшін http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html веб-сайтына барып, компьютеріңіздің үлгісін іздеңіз.

## Компьютер қосылмайды

| Белгі | Мүмкін болатын шешім |
|---|---|
| Қателік хабары: қатты дискі қателігі | **1.** Компьютерді қайта іске қосыңыз.<br>**а.** ctrl+alt+delete пернелерін басыңыз.<br>**ә.** Экранның төменгі оң жақ бұрышында орналасқан **қосу** таңбасын басып, одан кейін **қайта бастау** пәрменін басыңыз.<br>– немесе –<br>Компьютерді өшіру үшін компьютердегі қуат түймесін 5 немесе одан артық секунд басып тұрыңыз және компьютерді қайта іске қосу үшін қуат түймесін басыңыз.<br>**2.** Windows операциялық жүйесі ашылса, барлық маңызды деректердің сақтық көшірмесін қатты дискіге жазып алыңыз.<br>**3.** Қолдау орталығына хабарсаыңыз (Windows жүйесі қосылса да, қосылмаса да). |
| Компьютер қосылмайды немесе іске қосылмайды. | Компьютерді айнымалы ток розеткасына жалғанып тұрған кабельдің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз. Компьютердің қуат жабдықтаудың жасыл шамы жанып тұруы тиіс; Олай болмаса, басқа айнымалы ток розеткасын пайдаланып көріңіз. Егер әлі де проблема болса, қолдау қызметімен хабарласыңыз. |
| | Қуат көзінің кернеуі компьютердің электр кернеуіне сай болуын қадағалаңыз. |
| | Айнымалы ток розеткасын басқа электр құрылғыларын қосу арқылы тексеріңіз. |
| | Мүмкін болса қуат көзіндегі сүзгілер мен тұрақтандырғыштарды алып, қуат ашасын розеткаға тікелей жалғаңыз. |
| | Барлық қосымша құралдарды ажыратып, қуат түймесін кем дегенде 15 басып ұстап тұрыңыз. Компьютерді қосу үшін, қуат түймесін басыңыз. |
| | Дисплейде (монитор) еш нәрсе көрсетілмесе, монитор дұрыс жалғанбауы мүмкін. Мониторды компьютерге қосып, қуат сымын айнымалы ток көзіне жалғаңыз, одан кейін мониторды қосыңыз. Дисплей (монитор) (таңдаулы үлгілерде ғана) (11-бет) бөлімін қараңыз. |
| Компьютер жауап бермейді. | **1.** ctrl+alt+delete пернелерін басыңыз.<br>**2.** **Тапсырмалар реттеушісі** опциясын таңдаңыз.<br>**3.** Жауап бермеген кез-келген бағдарламаны таңдап, **тапсырманы аяқтау** пәрменін басыңыз. |
| | Бағдарламаларды жабу ақаулықты жөндемесе компьютерді қайта бастаңыз.<br>**1.** ctrl+alt+delete пернелерін басыңыз.<br>**2.** Экранның төменгі оң жақ бұрышында орналасқан **қосу** таңбасын басып, одан кейін **қайта бастау** пәрменін басыңыз. |

| Белгі | Мүмкін болатын шешім |
|---|---|
| | – немесе –<br><br>Компьютерді өшіру үшін компьютердегі қуат түймесін 5 немесе одан артық секунд басып тұрыңыз және компьютерді қайта іске қосу үшін қуат түймесін басыңыз. |
| Қателік хабары: Жүйе дискісі жарамсыз немесе жүйеге жатпайтын диск немесе диск қателігі. | Диск әрекеті тоқтағанда оптикалық дискіні алып, пернетақтадағы бос орын пернесін басыңыз. |

# Қуат

| Белгі | Мүмкін болатын шешім |
|---|---|
| Қуат түймесі басылып тұрған кезде компьютер өшірілмейді. | Қуат түймесін компьютер өшкенше басып тұрыңыз. Одан кейін компьютерді қайта іске қосыңыз. |
| Компьютер автоматты түрде өшіріледі. | ● Компьютер өте ыстық жерде болуы мүмкін. Салқындатыңыз.<br>● Компьютердің ауа саңылауларының бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Компьютерді тазалау (24-бет) бөлімін қараңыз.<br>**ЕСКЕРТПЕ:** Егер компьютердің ішкі желдеткіші болса, ішкі желдеткіштің жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз. |

# Дисплей (монитор) (таңдаулы үлгілерде ғана)

| Белгі | Мүмкін болатын шешім |
|---|---|
| Экран бос және монитордың қуат жарығы жанып тұрған жоқ. | Қуат сымын монитордың артына және қабырға розеткасына қайта қосыңыз. |
| | Монитордағы қуат түймесін басыңыз. |
| Экран бос | Экран дисплейін қайта көрсету үшін пернетақтадағы бос орын пернесін басыңыз немесе тінтуірді жылжытыңыз. |
| | Ұйқы режимінен жалғастыру үшін ұйқы түймесін (таңдалған модельдер үшін) басыңыз немесе пернетақтадағы esc пернесін басыңыз. |
| | Компьютерді қосу үшін, қуат түймесін басыңыз. |
| | Монитор кабелінің ашалары майысып қалуы мүмкін.<br>● Істіктердің біреуі майысса, монитордың кабелін ауыстырыңыз.<br>● Істіктер майыспаса, монитордың кабелін компьютерге қайта қосыңыз. |
| Экрандағы кескін тым үлкен немесе кішкентай немесе кескіндер анық емес. | Windows операциялық жүйесіндегі монитордың ажыратымдылық параметрін реттеңіз.<br>1. Жұмыс үстелінің бос аймағын тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Screen resolution** (Экран ажыратымдылығы) опциясын таңдаңыз.<br>2. Ашылмалы мәзірден басқа ажыратылымдықты таңдаңыз. |

| Белгі | Мүмкін болатын шешім |
|---|---|
| | 3. **Apply** (Қолдану) түймешігін, одан кейін **Keep changes** (Өзгерістерді сақтау) түймешігін басығыз. |

**ЕСКЕРТПЕ:** Осы жерде тізімделген ақпаратпен бірге монитормен берілген құжаттарға да қараңыз.

# Пернетақта мен тінтуір (кабельді)

| Белгі | Мүмкін болатын шешім |
|---|---|
| Пернетақта пәрмендері мен теруді компьютер оқымайды. | Компьютерді өшіру үшін тінтуірді қолданыңыз. Пернетақтаны компьютердің артқы жағынан ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін компьютерді қайта қосыңыз. |
| (Кабельді) тінтуір жұмыс істемейді немесе ол табылмады. | Тінтуір кабелін компьютерден ажыратып, қайта қосыңыз. |
| | Тінтуір табылмаса, компьютерді өшіріп, тінтуір кабелін ажыратыңыз және қайта қосыңыз, одан кейін компьютерді қайта қосыңыз. |
| Сандық пернетақтадағы көрсеткі пернелеріне меңзер жауап бермейді. | Пернетақтадағы Num Lock параметрін өшіру үшін Num Lock басыңыз, енді сандық пернетақтадағы көрсеткі пернелерді пайдалануға болады. |
| Меңзер тінтуір жылжуларына жауап бермейді. | 1. Ашық бағдарламаны шолу үшін alt+tab пернелерін бір мезгілде басыңыз.<br>2. Таңдалған бағдарламадағы өзгертулерді сақтау үшін ctrl+s пернелерін бір мезгілде басыңыз (ctrl+s - көп бағдарламада, барлығы емес, сақтауға арналған пернетақта тіркесімі).<br>3. Ашық тұрған барлық бағдарламаларды сақтау үшін 1 және 2-қадамдарды қайталаңыз.<br>4. Компьютерді қосу үшін қуат түймесін басыңыз.<br>5. Өшірілгеннен соң, тінтуір сымын компьютердің артқы жағынан ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін компьютерді қайта іске қосыңыз. |

# Пернетақта мен тінтуір (сымсыз)

| Белгі | Мүмкін болатын шешім |
|---|---|
| Сымсыз пернетақта немесе тінтуір жұмыс істемейді немесе олар табылмады. | • Сымсыз пернетақтаны немесе сымсыз тінтуірді жібергіш-қабылдағыштан қалыпты жағдайда 10 метр (32 фут) шамасында және бастапқы орнату немесе қайта синхрондау кезінде 30 см (12 дюйм) қашықтықта пайдалану керек.<br>• 20 минут қолданылмаған тінтуір тоқтату режиміне қосылады. Тінтуірді қайта қосу үшін тінтуірдің сол жақ түймесін басыңыз.<br>• Пернетақтадағы және/немесе тінтуірдегі батареяларды ауыстырыңыз.<br>• Келесі қадамдарды пайдалану арқылы жібергіш-қабылдағышқа пернетақтаны және тінтуірді қайта синхрондаңыз. |
| | **ЕСКЕРТПЕ:** Компьютер үлгісіне қарай, жібергіш-қабылдағыш компьютер сыртынан көрінбейтін USB портында алдын ала орнатылған болуы мүмкін.<br>Келесі суреттерде көрсетілген жібергіш-қабылдағыш, сымсыз пернетақта және сымсыз тінтуір мысал болып табылады; үлгіңіз өзгеше болуы мүмкін. |

<table>
<tr><th>Белгі</th><th>Мүмкін болатын шешім</th></tr>
<tr><td></td><td>

**МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Осы қадамдар кезінде сымсыз пернетақта мен сымсыз тінтуірді жібергіш-қабылдағыштың деңгейімен бірдей етіп, жібергіш-қабылдағыштан 30 см (12 дюйм) алыс емес жерге, және басқа құрылғылар кедергі жасамайтын жерге қойыңыз

1. Жібергіш-қабылдағышты компьютердің USB портынан ажыратып, қайта қосыңыз. Сіздің компьютеріңізде жібергіш-қабылдағышқа арналған порт болуы мүмкін.

   **ЕСКЕРТПЕ:** Пернетақта және тінтуір жібергіш-қабылдағыш суретте көрсетілгеннен өзге болуы мүмкін.

   

2. Тінтуірдің (**A**) ішінде екенін тексеріп, тінтуірдің астындағы **қосу** түймесін (**B**) жібергіш-қабылдағыштағы жарықдиоды шам жанғанша немесе жыпылықтағанын тоқтатқанша 5-10 секундтай басып тұрыңыз. Жібергіш-қабылдағыштың қосылым сеансы 60 секундтан соң бітеді. Байланыс орнатылғанын және жібергіш-қабылдағыш уақыты аяқталмағанына көз жеткізу үшін тінтуірді жылжытып, экрандағы жауапты тексеріңіз.

   
   

3. Егер пернетақта жауап бермей тұрса, пернетақтаның астындағы **Connect** (Қосу) түймесін (**C**) жібергіш-қабылдағыштағы жарықдиоды шам жанғанша немесе жыпылықтағанын тоқтатқанша 5-10 секундтай басып тұрыңыз.

   
   

</td></tr>
</table>

# Үндеткіштер мен дыбыс

| Белгі | Мүмкін болатын шешім |
|---|---|
| Дыбыс деңгейі өте төмен немесе нашар. | Үндеткіштердің компьютердің артқы жағындағы аудио шығыс (қара) ұясына қосылғандығын қадағалаңыз. (Бірнеше арналы үндеткіштер үшін қосымша дыбыс ұялары пайдаланылады.) Жақсы дыбыс шығармайтын қуатталмаған үндеткіштер (батарея немесе қуат сымы сияқты бөлек қуат көзі жоқ үндеткіштер) ажыратылды. Қуатталмаған үндеткіштерді қуатталған үндеткіштермен ауыстырыңыз. |
| Дыбыс шықпайды. | **1.** Бастау экранына `панель управления` деп жазып, **Панель управления** (Басқару тақтасы) опциясын таңдаңыз. Немесе, Windows жұмыс үстелінен Бастау түймесінің оң жағын басып, **Панель управления** (Басқару тақтасы) тармағын таңдаңыз. **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) тармағын таңдаңыз.<br>**2.** **Басқару орталығы** астындағы **Компьютердің әдеттегі ақаулықтарын жою** опциясын, одан кейін **Дыбыс ойнатудың ақаулықтарын жою** опциясын таңдаңыз. |
| | Спикерлердің қосылып тұрғанын тексеріңіз. |
| | Компьютерді өшіріп, үндеткіштерді ажыратып, қайта қосыңыз. Үндеткіштердің Line In немесе құлақаспап портына емес, дыбыс портына қосылғандығына көз жеткізіңіз. |
| | Ұйқы режимінен жалғастыру үшін ұйқы түймесін (таңдауды үлгілерде ғана) немесе esc түймесін басыңыз. |
| | Құлақаспаптар компьютерге (немесе динамик жүйесіне) қосылған болса, оларды ажыратыңыз. |

# Интернетке қосылу

| Белгі | Мүмкін болатын шешім |
|---|---|
| Интернетке қосылу орындалмады. | **1.** Бастау экранына `панель управления` деп жазып, **Панель управления** (Басқару тақтасы) опциясын таңдаңыз. Немесе, Windows жұмыс үстелінен Бастау түймесінің оң жағын басып, **Панель управления** (Басқару тақтасы) тармағын таңдаңыз.<br>**2.** **Желі және Интернет** бөлімінен **Интернетке қосылу** пәрменін басыңыз. |
| | Интернет қосылымының түріне жарамды кабельдердің пайдаланылуын тексеріңіз. Компьютерде қашықтан кіру модемі және Ethernet желі адаптері болуы мүмкін (сонымен бірге желі интерфейс картасы немесе NIC деп аталады). Жергілікті желіге (LAN) қосылу үшін модем стандартты телефон кабелін пайдаланса, желі адаптері желі кабелін пайдаланады. Телефон кабелін желі адаптеріне қоспаңыз және желі кабелін телефон желісіне жалғамаңыз; осылай істеу желі адаптерін зақымдауы мүмкін. |
| | Сымсыз орнату шеберін іске қосыңыз.<br>**1.** Бастау экранына `панель управления` деп жазып, **Панель управления** (Басқару тақтасы) опциясын таңдаңыз. Немесе, Windows жұмыс үстелінен Бастау түймесінің оң жағын басып, **Панель управления** (Басқару тақтасы) тармағын таңдаңыз. **Желі және интернет**, одан кейін**желі және бөлісу орталығы** тармақтарын таңдаңыз.<br>**2.** **Сеть и общий доступ** (желі және ортақ пайдалану орталығы) терезесінен **Жаңа байланыс немесе желі орнату** пәрменін таңдап, шеберді ашыңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. |
| | Жүйеде сыртқы антенна бар болса, антеннаны жақсырақ орынға жылжытып көріңіз. Ішкі антенна болса, компьютерді жылжытып көріңіз. |
| | Кейінірек қайта қосып көріңіз немесе қызмет провайдеріне хабарласыңыз. |
| Интернетке жалғау мүмкін емес бірақ қателік хабары жоқ. | **1.** Windows жұмыс үстелінен тапсырмалар тақтасының оң жақ түбінде орналасқан хабарландыру аймағындағы желі күйінің таңбасын басыңыз. |

| Белгі | Мүмкін болатын шешім |
|---|---|
| | 2. **Устранение неполадок** (Ақаулықтары жою) тармағын таңдаңыз. |
| Хабарландыру аймағында желі байлансының таңбасы жоқ. | 1. Бастау экранынан `восстановить` (жөндеу) сөзін теріңіз.<br>2. **Определение и устранение неполадок сети** (Желі ақаулықтарын анықтау және жою) тармағын таңдаңыз, одан кейін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. |

# Бағдарлама ақаулықтарын жөндеу

| Белгі | Мүмкін болатын шешім |
|---|---|
| Бағдарламалық құрал ақауларын жою үшін келесі әдістерді орындаңыз: | • Компьютерді толық өшіріп, қайтадан қосыңыз.<br>• Дискілерді жаңартыңыз. Келесі тараудағы “Құрылғы дискілерін жаңарту” бөлімін қараңыз.<br>• Компьютердің бағдарламалық құрал орнатылмастан бұрын пайдаланылған конфигурациясын қалпына келтіріңіз. Осы кестедегі "Microsoft жүйесін қалпына келтіру" бөлімін қараңыз.<br>• Бағдарламаны немесе құрылғы дискісін қайта орнатыңыз. Осы кестедегі “Бағдарлама және құрылғы дискілерін қайта орнату” тарауын қараңыз.<br>• Қатты дискіні өшіріп, қайта форматтаңыз, одан кейін амалдық жүйені, бағдарламаларды және драйверлерді қайта орнатыңыз. Бұл үрдіс жасалған барлық дерек файлдарын жояды. Жүйені қалпына келтіру (18-бет) бөлімін қараңыз. |
| Компьютерлік бағдарламалар баяу жауап беруде. | • Қажетсіз бағдарламаларды жабыңыз.<br>• Қолданыстан тыс кезде компьютердің вирус сканнерін және басқа жүйе құралдарын қосыңыз. |
| | Қосу қолданбаларын (хабар жіберу және мультимедиа қолданбалары) жүктеуді тоқтаңыз.<br>**1.** Бастау экранына `msconfig` деп жазып, **msconfig** тармағын таңдаңыз.<br>**ЕСКЕРТПЕ:** Егер әкімші кілтсөзі немесе растау талап етілсе, кілтсөзді енгізіңіз немесе растаңыз.<br>**2.** **Общие сведения** айдарынан **Выборочный запуск** (Іріктеп қосу) пәрменін таңдаңыз.<br>**3.** **Запуск** (Қосу) айдарын, одан кейін **Открыть диспетчер задач** (Тапсырмалар менеджерін ашу) пәрменін басыңыз.<br>**4.** Жүктелеуін тоқтатқыңыз келетін қосу элементтерін таңдап, **Отключить** (Өшіру) пәрменін басыңыз.<br>**ЕСКЕРТПЕ:** Егер элементке қатысты сенімді болмасаңыз, өшірмеңіз.<br>**5.** Егер талап етілсе, **Перезагрузить** (Қайта бастау) пәрменін басыңыз.<br>**ЕСКЕРТПЕ:** Бағдарламаның қосылу кезінде жүктелуін қосу үшін, компьютерді қайта бастап, қадамдарды кері орындаңыз. |
| | Маңызды емес графикалық мүмкіндіктерді өшіріңіз.<br>**1.** Бастау экранына `Проводник` деп жазып, **Поиск файла** (Файлды іздеу) белгішесін басыңыз. Немесе, Windows жұмыс үстелінен Бастау түймесінің оң жағын басып, **Проводник** (Файл іздеу) тармағын таңдаңыз.<br>**2.** **Компьютер** мәзірін басып, **Свойства** (Сипаттамалары) тармағын басыңыз.<br>**3.** **Дополнительные параметры системы** (Жүйенің қосымша параметрлері) тармағын басыңыз.<br>**ЕСКЕРТПЕ:** Егер әкімші кілтсөзі немесе растау талап етілсе, кілтсөзді енгізіңіз немесе растаңыз.<br>**4.** Производительность тармағынан **Настройки** (Параметрлер) опциясын таңдаңыз.<br>**5.** **Визуальные эффекты** (Көрнекі әсерлер) айдарынан **Обеспечить наилучшее быстродействие** (Барынша жылдам әрекетті жабдықтау) пәрменін таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз. |
| Құрылғы драйверлерін жаңарту | Драйверді жаңарту үшін немесе жаңасы ақаулықты жоймаса, алдыңғы нұсқасын қайтару үшін, келесі қадамдарды орындаңыз.<br>**1.** Бастау экранына `менеджер устройства` (құрылғы менеджері) деп жазыңыз, **Құрылғы менеджері** опциясын таңдаңыз. Немесе, Windows жұмыс үстелінен Бастау түймесінің оң жағын басып, **Диспетчер устройства** (Құрылғы менеджері) тармағын таңдаңыз.<br>**2.** Жаңартқыңыз келген құралдар тізімін ұлғайту немесе кері жылжыту үшін көрсеткіні таңдаңыз (мысалы, DVD/CD-ROM дискілері).<br>**3.** Нақты элементті екі рет басыңыз (мысалы, HP DVD жазу құралы 640b).<br>**4.** **Драйвер** қойындысын басыңыз. |

| Белгі | Мүмкін болатын шешім |
|---|---|
| | **5.** Драйверді жаңарту үшін **Драйверді жаңарту** түймесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.<br>– немесе –<br>Драйвердің алдыңғы нұсқасын қайтару үшін **Roll Back Driver** (драйверді қайтару) пәрменін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз. |
| Microsoft жүйесін қалпына келтіру | Егер компьютерде орнатылған бағдарламаға байланысты ақаулық пайда болса, компьютерді алдыңғы қалпына келтіру нүктесіне қайтару үшін жүйені қалпына келтіру функциясын пайдаланыңыз. Қалпына келтіру нүктелерін қолмен орнатуға болады.<br>**МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Жүйені қалпына келтіру бағдарламасын пайдалану алдында әрқашан осы Жүйені қалпына келтіру процедурасын орындаңыз. |
| | Жүйені қалпына келтіруді немесе қалпына келтірілетін орындарды қолдап қосу үшін:<br>**1.** Ашық тұрған барлық бағдарламаны жабыңыз.<br>**2.** Бастау экранына `панель управления` деп жазып, **Панель управления** (Басқару тақтасы) опциясын таңдаңыз. Немесе, Windows жұмыс үстелінен Бастау түймесінің оң жағын басып, **Панель управления** (Басқару тақтасы) тармағын таңдаңыз.<br>**3.** **Жүйе және қауіпсіздік**, **Жүйе** сосын **Жүйені қорғау** опциясын таңдаңыз.<br>**4.** «Жүйе сипаттары» экранындағы **Жүйені қорғау** қойындысын басыңыз.<br>**5.** Экрандағы нұсқауларды орындаңыз. |
| Бағдарламалық құралды немесе аппараттық құрал драйверін қайта орнату | Өндіруші орнатқан бағдарламалық құрал немесе аппараттық құрал драйверлерінің біреуі зақымдалған болса, оны HP Recovery Manager (HP қалпына келтіру менеджері) бағдарламасын пайдаланып қайта орнатуға болады (таңдаулы үлгілерде ғана).<br>**ЕСКЕРТПЕ:** Компьютермен бірге берілген CD немесе DVD дискілерімен келген бағдарламалық құралдарды қайта орнату үшін HP қалпына келтіру менеджері пайдаланбаңыз. Бұл бағдарламаларды CD немесе DVD дискіжетектерінен тікелей қайта орнатыңыз.<br>Бағдарламаны жоюдан бұрын оны қайта орната алатыныңызға сенімді болыңыз. Оның түпнұсқа дереккөзден қол жетімді болуын тексеріңіз (мысалы, дискілер немесе интернет). Болмаса, бағдарламаның HP қалпына келтіру менеджері тізімінде болуын қадағалаңыз (төмендегі қадамдарды қараңыз).<br>**ЕСКЕРТПЕ:** Microsoft Windows жүйесінің нұсқасы орнатылмаған күйде жеткізілген жүйелерде кейбір мүмкіндіктер қол жетімді болмауы мүмкін. |
| | Орнатуға болатын бағдарламалар тізімін тексеру үшін немесе HP қалпына келтіру менеджерінде бағдарламаны қайта орнату үшін:<br>**1.** Бастау экранынан `восстановить` (қалпына келтіру) сөзін теріңіз, одан кейін **Диспетчер аварийного восстановления** (Қалпына келтіру менеджері) тармағын таңдаңыз. Сұралса, бағдарламаға жалғастыруға рұқсат ету үшін **Да** (иә) түймесін басыңыз.<br>**2.** **Переустановка компьютерной программы** (Бағдарламаны қайта орнату) немесе **Переустановка драйвера оборудования** (Жабдықтық құралдың драйверін қайта орнату) тармағын басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз. |
| | Бағдарламаны жою үшін:<br>**1.** Барлық бағдарламалық құралдарды және қалталарды жабыңыз.<br>**2.** Бастау экранына `панель управления` деп жазып, **Панель управления** (Басқару тақтасы) опциясын таңдаңыз. Немесе, Windows жұмыс үстелінен Бастау түймесінің оң жағын басып, **Панель управления** (Басқару тақтасы) тармағын таңдаңыз.<br>**3.** **Бағдарламар** параметрінің астындағы **Бағдарламаны жою** түймесін басыңыз.<br>**4.** Жойғыңыз келетін бағдарламаны таңдап, **Жою** түймесін басыңыз. |

# 6 Жүйені қалпына келтіру

Жүйені қалпына келтіру қатты дискіні толығымен өшіріп, қатты дискіні қайта форматтайды. Бұл кезде жасалған барлық дерек файлдары жойылады, содан кейін операциялық жүйе, бағдарламалар мен драйверлер қайта орнатылады. Сондықтан, компьютер зауыттан шыққанан кейін орнатылған барлық бағдарламаларды қайта орнату керек.

**ЕСКЕРТПЕ:** Жүйені қалпына келтіру бағдарламасын пайдалану алдында әрқашан жүйені қалпына келтіру процедурасын орындаңыз. "Microsoft жүйесін қалпына келтіру" тарауын Бағдарлама ақаулықтарын жөндеу (16-бет) бөлімінен қараңыз.

Microsoft Windows жүйесінің нұсқасы орнатылмаған күйде жеткізілген жүйелерде кейбір мүмкіндіктер қол жетімді болмауы мүмкін.

## Жүйені қалпына келтіру әдісін таңдау

Жүйені қалпына келтіруді орындау үшін келесі әдістердің бірін таңдауға болады:

- Қалпына келтіру кескіні – қатты дискіде сақталған қалпына келтіру кескінінен Жүйені қалпына келтіру бағдарламасын іске қосыңыз. Қалпына келтіру кескіні – бұл өндіруші компьютерге орнатқан бастапқы бағдарламалардың көшірмесі бар файл. Жүйені қалпына келтіру кескіні арқылы қалпына келтіру үшін, Windows «Бастау» мәзірінен жүйені қалпына келтіру (18-бет) бөлімін қараңыз.

  **ЕСКЕРТПЕ:** Қалпына келтіру кескіні қатты дискінің деректерді сақтау үшін пайдалануға болмайтын бөлігін пайдаланады.

- Қалпына келтіру медиасы – жүйені қалпына келтіруді қатты дискіде сақталған файлдардан жасаған қалпына келтіру дискілерінен немесе бөлек сатып алған дискілерден іске қосыңыз. Қалпына келтіру ақпарат тасушыларын жасау үшін Қалпына келтіру медиасын жасау (21-бет) бөлімін қараңыз.

## Жүйені қалпына келтіру мүмкіндіктері

Жүйені төмендегі тәртіппен қалпына келтіру керек:

1. Қатты дискіден, Windows бастау экранынан.
2. Қатты диск арқылы f11 пернесін басу жүйені іске қосады.
3. Жасалған қалпына келтіру ақпарат тасушыларының көмегімен.
4. HP компаниясынан сатып алған қалпына келтіру дискілерінің көмегімен. Қалпына келтіру дискілерін сатып алу үшін http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html веб-сайтына кіріңіз.

### Windows «Бастау» мәзірінен жүйені қалпына келтіру

**ЕСКЕРТУ:** Жүйені қалпына келтіру жасалған немесе орнатылған барлық деректерді және бағдарламаларды жояды. Алынбалы дискіге немесе USB флэш жадына барлық маңызды деректердің сақтық көшірмесін жасаңыз.

Егер компьютер жұмыс істеп тұрып, Windows жүйесі пәрмендерге жауап берсе, жүйені мына қадамдарды орындап қалпына келтіріңіз.

1. Компьютерді өшіріңіз.
2. Компьютерден монитор, пернетақта және тінтуірден басқа барлық сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
3. Компьютерді қосыңыз.
4. Бастау экранында `восстановить` (қалпына келтіру) сөзін жазыңыз, одан кейін бағдарламалар тізімінен **HP қалпына келтіру менеджері** тармағын таңдаңыз. Сұралса, бағдарламаға жалғастыруға рұқсат ету үшін **Да** (иә) түймесін басыңыз.
5. **HP қалпына келтіру ортасы** параметрін таңдап, қайта іске қосу үшін **OK** түймесін басыңыз.
6. **Восстановление системы** (Жүйені қалпына келтіру) тармағын таңдаңыз.
7. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

   **ЕСКЕРТПЕ:** Егер жүйе қалпына келтіру бөлімін *анықтамаса*, ол қалпына келтіру ақпарат тасушысын салуды ұсынады. Дискіні немесе USB флэш дискісін салыңыз, **Иә** пәрменін таңдаңыз, одан кейін компьютерді қайта бастап, HP қалпына келтіру менеджерін дискіден немесе USB дискісінен қосу үшін **Келесі** түймесін басыңыз. Дискілерді пайдаланып жатсаңыз, сұралғанда келесі жүйені қалпына келтіру дискісін салыңыз.

8. Қалпына келтіру аяқталған кезде, компьютерді өшіріңіз, барлық перифериялық құрылғыларды қайта қосыңыз, сөйтіп компьютерді қайта қосыңыз.

## Жүйені бастау барысында жүйені қалпына келтіру

**ЕСКЕРТУ:** Жүйені қалпына келтіру жасалған немесе орнатылған барлық деректерді және бағдарламаларды жояды. Алынбалы дискіге немесе USB флэш жадына барлық маңызды деректердің сақтық көшірмесін жасаңыз.

Егер Windows жүйесі жауап бермесе, бірақ компьютер жұмыс істеп тұрса, жүйені төмендегі қадамдарды орындап қалпына келтіріңіз.

1. Компьютерді өшіріңіз. Қажет болса, қуат түймесін компьютер өшкенше басып тұрыңыз.
2. Компьютерден монитор, пернетақта және тінтуірден басқа барлық сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
3. Компьютерді қосу үшін, қуат түймесін басыңыз.
4. Компания логотипі бар бастапқы экран көрсетілгенде, F11 пернесін экранда **Жүктеу параметрлері мәзірі** пайда болғанша қайта-қайта басыңыз.
5. **Ақаулықтады жою** бөлімін таңдаңыз.
6. **Восстановление системы** (Жүйені қалпына келтіру) тармағын таңдаңыз.
7. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
8. Қалпына келтіру аяқталған кезде, компьютерді өшіріңіз, барлық сыртқы құрылғыларды қайта қосыңыз, одан кейін компьютерді қайта қосыңыз.

## Қалпына келтіру медиасы арқылы жүйені қалпына келтіру

**ЕСКЕРТУ:** Жүйені қалпына келтіру жасалған немесе орнатылған барлық деректерді және бағдарламаларды жояды. Алынбалы дискіге немесе USB флэш жадына барлық маңызды деректердің сақтық көшірмесін жасаңыз.

Қалпына келтіру ақпарат тасушыларын жасау үшін Қалпына келтіру медиасын жасау (21-бет) бөлімін қараңыз.

Қалпына келтіру медиасы көмегімен жүйені қалпына келтіру үшін:

1. Компьютер жұмыс істеп тұрса, сақтау керек барлық файлдарды қамтитын сақтық көшірме DVD дискісін немесе сақтық көшірме USB флэш жадын жасаңыз, содан кейін сақтық көшірме ақпарат тасушысын компьютерден алыңыз.
2. Қалпына келтіру DVD дискісін пайдалансаңыз, DVD дискі науасына № 1 қалпына келтіру дискісін салып, науаны жабыңыз. Егер қалпына келтіру USB флэш жадын пайдалансаңыз, оны USB портына салыңыз.
3. Компьютер жұмыс істеп тұрса, шебер түймешіктер құралдар тақтасын көрсету үшін курсорды «Бастау» экранынан экранның төменгі оң бұрышына жылжытып, **Параметрлер**, **Қуат** белгішесін, сосын **Жұмысты аяқтау** опциясын таңдаңыз. Немесе, Windows жұмыс үстелі арқылы Бастау түймесінің оң жағын басып, **Завершить работу** (Өшіру) пәрменін таңдаңыз немесе жүйеден шығып, **Завершить работу** (Өшіру) пәрменін басыңыз.

   – немесе –

   Немесе, компьютер жауап бермсе, қуат түймесін 5 секундтай немесе компьютер өшкенше басып тұрыңыз.
4. Компьютерден монитор, пернетақта және тінтуірден басқа барлық сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
5. Компьютерді қосу үшін, қуат түймесін басыңыз. Қалпына келтіру DVD дискісін пайдалансаңыз, компьютер дискідегі HP қалпына келтіру менеджері бағдарламасын автоматты түрде іске қосады. 7-қадамға өтіңіз.
6. Жүйені қалпына келтіруді USB флэш жадынан іске қоссаңыз, компьютер іске қосу мәзірін ашу барысында esc пернесін басыңыз. Көрсеткі пернелермен USB құрылғысын таңдап, сол құрылғыдан іске қосу үшін enter пернесін басыңыз.
7. Қалпына келтіру медиасы мен қатты дискінің біреуін таңдау қажет болса, **медиа** опциясын таңдап, **келесі** түймесін басыңыз.
8. **Зауыттық параметрлері** тармағын таңдаңыз.
9. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

# Қалпына келтіру ақпарат тасушылары

Қалпына келтіру медиасын бос DVD дискілерінде немесе USB флэш жадында жасауға болады (екеуінің біреуі, бірден екеуі емес). Қатты дискіде сақталған қалпына келтіру кескінінен қалпына келтіру медиасын жасаңыз. Бұл кескінде компьютерге бастапқыда өндіруші орнатқан операциялық жүйе және бағдарлама файлдары бар. Компьютер үшін қалпына келтіру ақпарат тасушысының бір жиынын жасауға болады және ақпарат тасушысын *тек* осы компьютермен пайдалануға болады. Қалпына келтіру ақпарат тасушысын қауіпсіз жерге сақтаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ:** Microsoft Windows жүйесінің нұсқасы орнатылмаған күйде жеткізілген жүйелерде кейбір мүмкіндіктер қол жетімді болмауы мүмкін.

## Қалпына келтіру медиасын таңдау

- Қалпына келтіру дискілерін жасау үшін компьютеріңізде DVD дискілерге жазу құралы болуы керек және тек жоғары сапалы бос DVD+R немесе DVD-R дискілерін пайдалану керек.

  **ЕСКЕРТПЕ:** Қалпына келтіру дискілерін жасау үшін ықшам дискілерді немесе DVD+RW, DVD-RW, DVD+RW DL немесе DVD-RW DL дискілерін пайдалану *мүмкін емес*.

- Қалпына келтіру дискілерін жасасаңыз, қалпына келтіру дискілерінің жиынын жасау үшін жоғары сапалы дискілерді пайдаланып жатқандығыңызға сенімді болыңыз. Ақаулық табылған жағдайда дискілердің қабылданбауы қалыпты жағдай. Сізге әрекетті қайталау үшін жаңа бос дискіні салу ұсынылады.
- Қалпына келтіру дискілер жиынындағы дискілердің саны компьютеріңіздің үлгісіне байланысты (әдетте 1-5 DVD дискісі). Қалпына келтіру дискісін жасау бағдарламасы жиынды жасау үшін қажет бос дискілердің нақты санын айтады.
- Жоғары сапалы бос USB флэш жадын пайдаланып, қалпына келтіру USB флэш жадын жасауды таңдауға болады. Егер USB флэш жадын пайдаланып жатсаңыз, бағдарлама барлық деректерді сақтау үшін қажет диск өлшемін айтады (ең кемі 16 ГБ).

**ЕСКЕРТПЕ:** Қалпына келтіру ақпарат тасушыларын жасау процесі тасушыда ақпараттың жазылғандығын тексеру үшін бірнеше уақыт алады. Процестен кез келген уақытта шыға аласыз. Бағдарламаны келесі рет іске қосқанда, ол қалдырылған жерден жалғасады.

## Қалпына келтіру медиасын жасау

Қалпына келтіру дискілерін жасау үшін:

1. Ашық тұрған барлық бағдарламаны жабыңыз.
2. Бастау экранында `восстановить` (қалпына келтіру) сөзін жазыңыз, одан кейін бағдарламалар тізімінен **HP қалпына келтіру менеджері** тармағын таңдаңыз. Сұралса, бағдарламаға жалғастыруға рұқсат ету үшін **Да** (иә) түймесін басыңыз.
3. **Бос DVD дискісі арқылы қалпына келтіру тасығышын жасау** пәрменін таңдап, **Келесі** түймесін басыңыз.
4. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Жасағанда әр дискіге белгі қойыңыз (мысалы, 1-қалпына келтіру, 2-қалпына келтіру).

Қалпына келтіру USB флэш жадын жасау үшін:

1. Ашық тұрған барлық бағдарламаны жабыңыз.
2. USB флэш жадын компьютердің USB портына қосыңыз.
3. Бастау экранында `восстановить` (қалпына келтіру) сөзін жазыңыз, одан кейін бағдарламалар тізімінен **HP қалпына келтіру менеджері** тармағын таңдаңыз. Сұралса, бағдарламаға жалғастыруға рұқсат ету үшін **Да** (иә) түймесін басыңыз.
4. **Қалпына келтіру тасығышын жасау** пәрменін таңдаңыз, **USB флэш жады** параметрін таңдап, **Келесі** түймесін басыңыз.
5. Ақпарат тасушылар тізімінде USB флэш жадын таңдаңыз. Бағдарлама сізге қалпына келтіру дискісін жасау үшін қажет бос орынды айтады. Егер USB флэш жадында жеткілікті бос орын болмаса (ең кемі 16 ГБ), ол экранда сұр болып көрінеді және жалғастыру мүмкін болмайды. **Далее** түймесін басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ:** Қалпына келтіру ақпарат тасушысын жасау флэш жадын пішімдеп, ондағы бүкіл файлдарды жояды.

6. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз. USB флэш жадына белгі қойып, қауіпсіз жерде сақтаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ:** Қалпына келтіру ақпарат тасушысын жасау үшін мультимедиа карталарын пайдаланбаңыз. Жүйе медиа картасынан іске қосылмауы және жүйені қалпына келтіруді іске қоса алмауыңыз мүмкін.

# 7 Техникалық қызмет көрсету

Компьютердің жоғары жылдамдықпен жұмыс істеп тұрғанын тексеру үшін, қарапайым техникалық тексеріс жасау маңызды.

## Орындау уақыты мен тапсырмалар

Дұрыс техникалық қызмет көрсету үшін ұсынылатын аралықтарда осы нұсқауларды орындаңыз.

| | | |
|---|---|---|
| **Апта сайын** | Бағдарламалық құралды тазалау | Жүйеде жиналып, оның жұмысын төмендететін қалаусыз және уақытша файлдарды жою үшін Disk Cleanup бағдарламасын немесе қауіпсіз үшінші тараптың тазалау құралдарын пайдаланыңыз. Қажет емес бағдарламалардың бар-жоғын тексеріп, оларды жойыңыз.<br>Диск тазалауды қосу:<br>1. Бастау экранына `диск` сөзін жасып, **Удаление приложений для освобождения места на диске** (Дискідегі орынды босату үшін бағдарламаларды жойыңыз) опциясын таңдаңыз.<br>2. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз. |
| | Дефрагментациялау және оңтайландыру | Қатты дискті жақсы күйде ұстау және жүйе өнімділігін жақсарту үшін, Дискіні дефрагментациялау мүмкіндігін қатты дискті дефрагментациялау және оңтайландыру үшін пайдаланыңыз. Осы тапсырманы жиі орындау жүйені зақымдамайды.<br>Дискіні дефрагментациялау мүмкіндігін іске қосу:<br>1. Компьютерді айнымалы ток көзіне қосыңыз.<br>2. Бастау экранына `дефраг диск` деп жазып, одан кейін **дефраг диск** тармағын басыңыз.<br>3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз. |
| | Вирусты қарап шығу | Байқаусыз өтіп кететін вирустарды ұстау үшін апта сайын вирустарды толық қарап шығыңыз. Осыны автоматты түрде бақылау үшін антивирустік өнімдердің көбісінде жоспарлау мүмкіндігі бар. |
| **Ай сайын** | Құралды тазалау | Компьютердің сыртын жақсылап тазалаңыз. |
| | Бағдарламалық құралды жаңарту | Операциялық жүйе ақауларын жойып, өнімділікті жақсарту үшін **Windows жаңарту** бағдарламасын пайдаланыңыз. Аппараттық құрал мен таңдаулы бағдарламаның жаңа нұсқалары үшін драйвер жаңартуларын тексергеніңізге сенімді болыңыз. |
| | Windows жаңарту | Жаңартуларды орнату үшін **Windows жаңарту** бағдарламасын іске қосыңыз. |
| **Жыл сайын** | Жүйені қалпына келтіру | Уақыт өткен сайын компьютерді қалай пайдалануына байланысты жүйенің жұмысы баяулауы мүмкін. Жүйені бірінші рет қосқан кезде оны бастапқы конфигурацияға қалпына келтіру үшін Windows операциялық жүйе орнатуын тазалағанда **Жүйені қалпына келтіру** бағдарламасын пайдаланыңыз. **Жүйені қалпына келтіруді жалғастырудан бұрын, маңызды деректер файлдарының сақтық көшірмесін жасаңыз.** Толық мәліметтер алу үшін Жүйені қалпына келтіру (18-бет) бөлімін қараңыз. |
| **Қажетінше** | Деректердің сақтық көшірмесін жасау | Маңызды ақпараттың, сондай-ақ жеке файлдар, электрондық пошта хабарлары және веб-сайт бетбелгілерінің сақтық көшірмесін дискілерге жасау үшін |

| |
|---|
| компьютерде орнатылған CD немесе DVD жазу құрылғысының бағдарламасын пайдаланыңыз. Деректерді сыртқы қатты дискіге ауыстыруға болады. |

# Компьютерді тазалау

Компьютерді қауіпсіз түрде тазалау үшін келесі өнімдерді пайдаланыңыз:

- Диметил бензил аммоний хлоридінің 0,3 пайыздық тұнбасы (мысалы, әртүрлі компаниялар шығарған бір рет қолданылатын сүрткіштер түрінде)
- Спирті жоқ әйнек тазалағыш сұйықтық
- Жұмсақ сабын қосылған су
- Құрғақ микроталшықты тазалау шүберегі немесе күдері (майланбаған жұмсақ антистатикалық шүберек)
- Антистатикалық шүберек майлықтар

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Компьютерді бүлдіретін күшті тазалағыш ерітінділерді қолданбаңыз. Егер тазалағыш заттың компьютерге залалды емес екеніне сенімді болмасаңыз, өнімнің құрамын тексеріп, спирт, ацетон, аммоний хлориді, метил хлориді, көмірсутегі сияқты ингредиенттердің болмауын қадағалаңыз.

Қағаз сүлгілер сияқты талшықты материалдар компьютерді сызаттауы мүмкін. Уақыт өткенде, кір және тазалағыш заттар сызаттарды бітеуі мүмкін.

## Тазалау іс рәсімдері

Осы нұсқаулықта берілген нұсқауларды компьютерді қауіпсіз тазалау үшін орындаңыз.

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ток соғу немесе жабдықтың зақымдалуын болдырмау үшін, токқа қосулы компьютерді тазаламаңыз:

- Компьютерді өшіріңіз.
- Айнымалы ток көзінен ажыратыңыз.
- Токқа қосылатын сыртқы құрылғылардың барлығын ажыратыңыз.

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Ішкі бөлшектерін бүлдірмес үшін, компьютердің беткейіне тазалағаыш заттарды немесе сұйықтықтарды шашпаңыз. Бетіне түскен сұйықтықтар ішкі бөліктердің зақым алуына әкелуі мүмкін.

### Дисплейді тазалау

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Тазартқыш құралын экранға тікелей шашпаңыз немесе оған қоймаңыз.

Дисплейдің жақтаулары мен экранын жұмсақ, талшықтары жоқ, спиртсіз әйнек тазалау сұйығымен дымқылданған шүберекпен абайлап сүртіңіз.

### Компьютер желдеткіштерін тазалау

Ауа желдеткіштері компьютерді салқындатып тұрады. Кішкентай, батареямен зарядталған шаңсорғышты пайдалану арқылы осы желдеткіштерді таза ұстаңыз. (Батареямен зарядталған шаңсорғыш ток соғудан сақтайды.)

1. Процессордағы желдеткіштерді шаңсорғышпен тазалаңыз.
2. Компьютер коннекторларында (мысалы, Ethernet және USB коннекторлары) және жанында жиналған қоқыстардан тазалаңыз.

## Пернетақта мен тінтуірді тазалау

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ішкі бөлшектерінен ток соғуды болдырмай немесе ішкі бөліктеріне зақым келтірмей тазалау үшін шаңсорғышты қолданбаңыз. Шаңсорғышты қолданғанда пернетақта бетіне тұрмыстық қалдықтар жиналып қалуы мүмкін.

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Ішкі бөлшектерін бүлдірмеу үшін, сұйықтықтың пернелер арасына тамбауын қадағалаңыз.

- Пернетақта мен тінтуірді тазалау үшін, бұрын аталған тазалау сұйықтықтардың біреуіне суланған жұмсақ микроталшықты матаны, күдеріні немесе бір рет пайдаланылатын антисептикалық майлықты пайдаланыңыз.
- Пернелердің жабысып қалуын болдырмай, пернетақтадан шаңды, талшықтарды және қоқымдарды кетіру үшін түтігі бар қаңылтыр құтыдағы қысылған ауаны пайдаланыңыз.

Шарлы тінтуірдің ішіндегі дөңгелек пен шарды тазалаңыз:

1. Тінтуірдің төменгі жағын жоғары қаратып, сақинаны алып тастап, шарды босату үшін шар қақпағының сақинасын сағатқа қарсы бұрыңыз.
2. Шарды сабын мен жылы сумен жуып жіберіңіз.
3. Тінтуірдің ішіндегі шарды изопропильді (медициналық) спиртпен суланған мақтамен тазалаңыз.
4. Шарлар жақсылап құрғағанда, дөңгелек пен дөңгелек қақпағын ауыстырыңыз.

# 8 HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) (HP ДК құралын диагностикалау) қызметін пайдалану

HP PC Hardware Diagnostics – бірыңғай кеңейтілетін ішкі бағдарламалық құрал интерфейсі (UEFI). Бұл құрал компьютердің аппараттық құралдарының дұрыс жұмыс істейтінін анықтау үшін диагностикалық тексеру мүмкіндігін береді. Диагностикалау процесі амалдық жүйеден тыс жұмыс істейді, осылайша ол амалдық жүйе немесе басқа бағдарламалық құрамдастар себеп болған ақаулықтарды тиімді түрде жояды.

HP PC Hardware Diagnostics UEFI пайдалану үшін:

1. Компьютерді қосыңыз немесе қайта бастаңыз. Экранның төменгі сол бұрышында «Press the ESC key for Startup Menu» (Қосылу мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетіліп тұрғанда, esc пернесін басыңыз. Іске қосу мәзірі көрсетілген кезде, f2 пернесін басыңыз.

   BIOS бағдарламасы диагностикалау құралдарын үш жерден төмендегі тәртіппен іздейді:

   **а.** Қосылған USB диск жетегі

   **ЕСКЕРТПЕ:** HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) құралын USB диск жетегіне жүктеу туралы ақпаратты USB құрылғысына HP PC Hardware Diagnostics (HP ДК құралын диагностикалау) мүмкіндігін жүктеу (26-бет) бөлімінен қараңыз.

   **ә.** Қатты диск

   **б.** Базалық кіріс-шығыс жүйесі

2. Диагностикалау құралы ашылған кезде, іске қосқыңыз келген диагностикалық сынақтың түрін таңдау үшін пернетақтадағы көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз, сосын экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ:** Егер қосылып тұрған диагностикалық сынақты тоқтату қажет болса, esc пернесін басыңыз.

## USB құрылғысына HP PC Hardware Diagnostics (HP ДК құралын диагностикалау) мүмкіндігін жүктеу

**ЕСКЕРТПЕ:** HP PC Hardware Diagnostics (UEFI) (HP ДК құралын диагностикалау) құралын жүктеп алу туралы нұсқаулар тек ағылшын тілінде беріледі.

HP ДК Жабдықтар диагностикаларын USB құрлғысына жазып алудың екі жолы бар:

**1-ші жолы: HP PC диагностикалар негізгі беті**— UEFI ең соңғы нұсқасын ұсынады

1. http://hp.com/go/techcenter/pcdiags веб-торабына өтіңіз.
2. **UEFI Жүктеу** сілтемесін басыңыз, одан кейін **Қосу** пәрменін таңдаңыз.

**2-ші жолы: Қолдау және Драйверлер беті**—Қандай да өнімнің бұрынғы немесе соңғы нұсқаларын ұсынады

1. http://www.hp.com веб-торабына өтіңіз.
2. Беттің үстіңгі жағында орналасқан **Поддержка** (Қолдау) белгішесін көрсетіп, **Загрузка драйверов** (Драйверлерді жүктеп алу) түймесін басыңыз.
3. Мәтін жолына өнім атауын енгізіп, **Go** (Өту) түймесін басыңыз.

   – немесе –

   HP жүйесіне өніміңізді автоматты түрде анықтауға мүмкіндік беру үшін, **Find Now** (Қазір табу) түймесін басыңыз.
4. Компьютер үлгісін және амалдық жүйе түрін таңдаңыз.
5. **Diagnostic** бөлімінен **HP UEFI Support Environment**(HP UEFI қолдау ортасы) тармағын басыңыз.

   – немесе –

   **Скачать** (жүктеу) түймешігін басыңыз, одан кейін **Run** (Орындау) опциясын таңдаңыз.

# 9 Техникалық сипаттамасы

## Техникалық сипаттамалары

**ЕСКЕРТПЕ:** Компьютердің дәл электрлік көрсеткіштерін анықтау үшін, компьютердің сыртына жапсырылған төлқұжатқа жүгініңіз.

| Фактор | Метрикалық өлшемдер жүйесі | АҚШ-та пайдаланылатын өлшемдер жүйесі |
|---|---|---|
| Жұмыс температурасы | **5 және 35°C** | 41 және 95°F |
| Сақтау температурасы | **–20° - 60 °C** | -20 және 149°F аралығында |
| Жұмыс ылғалдылығы | **15% -80% @ 26°C** | 15% -80% @ 78°F |
| Жұмыс биіктігі: | **0 - 2000 м** | 0 - 6561 фут |
| Сақтау биіктігі: | **0 - 4572 м** | 0 - 15000 фут |

# 10 Қолдау көрсету ақпараты

## Көмек алу жолы

HP қолдау қызметі компьютерді тиімді пайдалануға көмектесе алады. Қажетті нәрселерді компьютерде орнатылған құралдар, веб-сайттағы ақпарат, телефон немесе жергілікті сатушы арқылы табуыңызға болады.

HP тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласу алдында қолыңызда келесі ақпараттың болуын қадағалаңыз:

- Үлгі нөмірі
- Өнім нөмірі
- Сериялық нөмірі
- Бағдарламаның жинақтау нөмірі
- Амалдық жүйе
- Сатып алған күні

Біраз уақыт бөліп, болашақ анықтама үшін өнім туралы ақпаратты жазыңыз.

Тізімдегі бірінші төрт элементті (модель нөмірі, өнім нөмірі, сериялық нөмір және бағдарламаның жинақ нөмірі) HP қолдау ақпараты қолданбасы арқылы көруге болады. Бастау экранында `поддержка` (қолдау) сөзін жазыңыз, одан кейін **HP справка о поддержке** (HP қолдау ақпараты) бөлімін таңдаңыз.

http://www.hp.com/apac/register веб-сайтына тіркелуді ұмытпаңыз.

## Көмек алатын жер

- Жабдық және бағдарлама туралы анықтама алу үшін Windows анықтама және қолдау орталығын пайдаланыңыз. Бастау экранына `с` әрпін жазыңыз, одан кейін **Справка и поддержка** (анықтама және қолдау) тармағын таңдаңыз.
- HP Support Assistant (HP қолдау көмекшісі) Бастау экранында `справка` (анықтама) сөзін жазыңыз, одан кейін **HP справка и помощь** (HP анықтама және қолдау) бөлімін таңдаңыз. HP қолдау орталығы пайдалы ақаулықтарды жою туралы ақпаратты қамтамасыз етеді және мыналарды қамтиды:
  - HP техника маманымен чат арқылы кеңесу
  - Қолдау қызметінің телефон нөмірлері
  - HP қызмет көрсету орталықтарының мекенжайлары
- Желі арқылы көмек алу үшін, мына сайтты қараңыз: http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html.

Телефондық көмек компьютерді сатып алған уақыттан бастап отын (30) күнді қамтиды. Отыз (30) күннен кейін ақы алынуы мүмкін, бірақ пайдалы қолдау қызметі әлі де қол жетімді болады.

# Тұтынушыға жөндеуге қатысты қолдау көрсету

Егер компьютерді жөндеу керек болса немесе бөлшектерін ауыстыру керек болса, екі таңдауыңыз бар:

- Сіз компьютеріңіздің тұтынушы ауыстыра алады деп есептелетін көп бөлшектерін оңай ауыстыра аласыз. Бұл жөндеудің ең тез әдісі, өйткені көбінесе біз бөлшекті аз күн ішінде тікелей үйіңізге немесе фирмаңызға жібере аламыз. (Бұл опция барлық елдерде немесе аймақтарда қол жетімді болмайды.)
- Егер жөндеу қажет болса, HP тұтынушыларды қолдау орталығы компьютеріңізді жөндеу уақытын анықтайды.

Бұл қызметтер кепілдік кезеңінде қамтылады.

Кепілдікте кейбір шектеулер мен қиыс жағдайлар көрсетілген (маңызды мәліметтермен бірге), олар *HP әлем бойынша шектеулі кепілдігі мен техникалық қолдауы* нұсқаулығында берілген.

# Құрылғыны жаңарту алдында

Қнадай да бір құрылғыны жаңарту қажет болса, жаңа компьютерді орнатқаннан кейін жаңартыңыз. Компьютерді орнату туралы нұсқаулары үшін *Орнату нұсқаулары* немесе *Жылдам орнату* парақшасын немесе Компьютерді орнату (3-бет) қараңыз. Жүйені орнату және қосу орындалмаса, осы тарауда берілген қадамдарды қолданып, бірден HP қолдау орталығына хабарласыңыз. Мұны жүйені жаңартуға әрекет жасау алдында орындау керек.

Компьютердің артындағы қауіпсіздік пломбасын бұзу арқылы, сіз компьютердің жүйені жаңартуға әрекет жасау алдында дұрыс жұмыс істегенін растайсыз. Қауіпсіздік пломбасын бұзғаннан кейін, компьютеріңіз, жергілікті заң рұқсат ететін дәрежеге дейін *HP әлем бойынша шектеулері мен техникалық қолдау* нұсқаулығында тізілген шарттармен қамтылады.

# Индекс


**А**

ақаулығын жөндеу
  қуат 11
ақаулықтарды жою
  дисплейі (монитор) 11
ақаулықтарды жөндеу
  бағдарлама 16
  компьютер қосылмайды 10
ақаулықтарын жөндеу
  интернетке қосылу 14
  пернетақта мен тінтуір (кабельді) 12
  пернетақта мен тінтуір (сымсыз) 12
  үндеткіштер мен дыбыс 14
Анықтама және Қолдау 1, 29

**Ә**

әрекеттік пернелер 6

**Ж**

жөндеу, орындау уақыты және тапсырмалар 23
жүйені қалпына келтіру
  әдістері 18
  мүмкіндіктері 18

**И**

интернет, жалғау 4

**К**

компьютер
  ақаулықтарды жөндеу 10
  қауіпсіздік функциялары 9
компьютерді күту 24
компьютерді тазалау 24

**Қ**

қалпына келтіру медиасы
  жасау 21
  таңдау 21
қауіпсіздік фнукциялары 9
қолдау 29

**П**

пернелер үйлесімі 6

**Т**

техникалық сипаттамалары 28

**F**

fn пернесі 6

**H**

HP PC Hardware Diagnostics (UEFI)
  (HP ДК құралын диагностикалау) жүктеп алу 26
  (HP ДК құралын диагностикалау) пайдалану 26